

“Өрлеу” Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Акционерлік қоғамның филиалы “Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты”

Жоба:

Қазіргі күндегі экологиялық білім берудің географиялық негізі.



Орындағандар: Тампишева А.С

Мазмұны:

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

3. Тақырыптың өзектілігі

4.Қорытынды

5.Қосымша

6.Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе

Мақсаты: Қоршаған орта мен оның табиғат ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын аялай білетін адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық білім мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеу.

Міндеті:

1. Оқушы бойында экологиялық білім жүйесін қалыптастыру.
2. Оқушыларды экологиялық мәселелерді шешуде батыл әрі дұрыс шешім қабылдау әрекеттеріне үйрете отырып, экология саласындағы ғылым жетістіктерімен хабардар болу.
3. Оқушылардың қоршаған ортаны қорғауға деген жоғары адамгершілік сезімі жауапкершілігін тәрбиелеу.

ЭКОЛОГИЯ

Экология барлық тірі организмдерді, олардың тұратын “үйін”, “мекен-жайын” және сол “үйді” тұруға қолайлы ету үшін атқаратын міндетті зерттейді. Экологияны ғылымға бірінші болып енгізген белгілі табиғат зерттеушісі, дәрігер, аса дарынды неміс ғалымы Э.Геккель. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы Экологиялық жағдай күрделі мәселенің бірі болып отыр. Ол біздің елімізде шешімі табылмай жатқан өткір тақырыптар ретінде алға қойылуда. Табиғи қорларды тиімді пайдалануда, қалаларды, елді мекендерді көгалдандыруда, ұлттық парктер, көгалды аймақтар жасауда көптеген шаралар іске асырылса да, айналадағы ортаны қорғаудағы жауапсыздық, болашақты ескермеушілік орын алып отыр. Ауаның, судың, жердің ластануы салдарынан адамдардың өміріне және олардың өмір сүру ортасына зор қауіп төніп келеді. Көптеген индустриялы аудандарда айналадағы ортаның ластануы қажетті нормалардан асып түскен. Қазіргі уақытта табиғат және биологиялық орта тұтас алғанда бүкіл адамзат алдына күрделі талап қойып отыр.

Еліміздің білім беру жүйесінің құрылымына сәйкес қабылданған экологиялық білімнің бірнеше сатысы бар:

Бірінші- мектепке дейінгі мекемелерде және отбасындағы тәрбие;

Екінші- бастауыш, жалпы орта мектеп және орта кәсіби оқу орындарында білім беру;

Үшінші- жоғарғы оқу орындарынан білім алу;

Төртінші- жоғарғы оқу орындарынан кейінгі дайындық саты;

Сондықтан Қазақстандағы экологиялық білім мен тәрбие беру нарықтық экономикалық қатынастар заңдылықтарына сай бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Экология зардапты проблеманың тууы негізінен адамдардың шаруашылық мақсаттарды жүзеге асыру кезінде сол әрекеттердің ортаға, табиғатқа тигізерәсері мен санаспауы , олардың экологиялық сауатының кемшілігі, қоршаған ортаныңүндестігіне жауапсыздықпен қарау, табиғат қоры шексіз деген жалған ұғымның етек алуына шикізатты ұқыпсыз пайдалануына байланысты болып отыр.Сондықтан жыл сайын жерді суландыру, орманды қалпына келтіру, өндірістікқалдықтарментехникалық лас суларды тазарту, өндіріс орындарының ауаны ластануына жол бермеу,топырақтың құнарын сақтау және топырақ эрозиясына жол бермеу мақсатында жұмыс жүргізілуі керек. Экологиялық дағдарыстың ұлғаюына мейлінше тежеу, табиғат пен қоршаған ортаны қорғау жолдарын жастарға ұғындыру экологиялық жаппай және үздіксіз білім беру нәтежиесінде ғана іске асырылады. Бүгінгі таңда жаппай үздіксіз экологиялық біліммен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр.

- Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парақтардың бірі - Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі Алғашқы атомдық жарылыс дауысы 1949 жылы тамыздың 29-ы, таңғы сағат 7-де естілді. Семей ядролық полигоны ауданында 450-ден астам жер үсті және жер асты ядролық сынақтарының өткізілуі нәтижесінде атмосфераға, гидросфераға және литосфераға өте үлкен мөлшерде радиоактивті материалдар шығарылды. Тек Семей ядролық полигонының ғана емес, соған жақын жатқан орасан үлкен аумақтар да (Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жезқазған облыстары және Ресей Федерациясының Алтай өлкесі) радиоактивті ластануға ұшырады. Соның нәтижесінде сол аумақтағы көптеген тірі ағзалар және тұрғын халықтар зардап шекті.

Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парақтардың бірі – Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі Алғашқы атомдық жарылыс дауысы 1949 жылы 29 тамызда болды. Семей ядролық полигоны ауданында 450-ден астам жер үсті және жер асты сынақтары жүргізілді. Ядролық қару-жарақтарды сынау аймақтың табиғи ортасына және халықтың денсаулығына кері әсерін тигізді.





© voxpopuli.kz

Семей ядролық полигонының жабылғанына 20 жыл толғанын Қазақстанның атап өткеніне көп бола қойған жоқ. Екі онжылдық. Соншама көп мерзім емес сияқты, бірақ содан бері тажал қару мен оның сынақтары туралы тек ата-аналарының айтқан әңгімесі арқылы ғана таныс тұтас бір буын өсіп ержетті. Сондықтан бұл жас ұрпаққа өз отандарының үлкен бір бөлігі неліктен біржолата құрдымға кеткенге саналатындығын түсіну қиын. Әйткенмен полигонның өз бетінше тіршілік кешіп жатқанына да міне 20 жылдың жүзі болды. Сонымен бірге, мәлім болғанындай, ядролық және сутегілік жарылыс құрылғылары сынақтары тоқтатылғанымен, қоршаған ортаға зиянды процестер доғарылған жоқ

Табиғи ресурстардың толықтай немесе кейбір бөліктердің жоғалуы, табиғи ландшафт өнімділігінің төмендеуі, топырақ, су жүйесінің құрғауы, қоршаған ортаның ластануы Қазақстандағы табиғи ортаның жалпы экологиялық жағдайының бұзылуын сипаттайды.



ОТТЕК АЙНАЛЫМЫ

КҮН СӘУЛЕСІ

ӨТЕ КҮШТІ УЛЬТРАКҮЛГІН СӘУЛЕ ҚАБАТЫ

ОЗОН ҚАБАТЫ

ТРОПОСФЕРА


ТЕҢІЗ БЕН
МҰХИТ
ФИТОПЛАНК
ТОНДАРЫ

ОРМАНДАР
МЕН
ШӨЛЕЙТТЕР

АДАМДАР
МЕН
ЖАУАРЛАР

ЖАНАР
ТАУЛАР


КӨМІРТЕК АЙНАЛЫМЫ



Атмосфераны ластаушы көздер!




Экологиялык жағдайдын нашарлау себептерінің бірі халықтың экологиялык білім деңгейінің төмендігі немесе жеткіліксіздігін көрсетеді.



- Арал апатына себеп болған факторларға:
- - жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;
- - ауылшаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;
- - суды өте көп қажает ететін күріш, мақта дақылдарын барныша көбейтіп жіберу;
- - жерді игерудің агротехникалық шараларын сақтамау және суды үнемді пайдаланбау;
- - табиғат ресурстарын пайдаланудағы жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі болып табылады.



July - September, 1989



August 12, 2003

Каспийдің итбалығына індет неден келді?



- Жылда – осылай. Көктем шыға Каспий теңізінің жағалауы итбалықтардың өлекселеріне толып кетеді. Биыл да бұл жағдай қайталанбай қалған жоқ. Маңғыстау облысының Түпқараған ауданының тұрғындары теңіз жағасынан өлі итбалықтардың қаңқасын тауып алғандықтарын айтып, дабыл қақты.
- Кім өлтірді, неге өлді?



- *Бұл өңірдегі экологиялық ірі мәселелер қатарына Балқаш көлі бойындағы Балқашмыс комбинаты, Приозер, Ақсүйек кен рудаларын байыту кешендері, Сарышаған полигоны және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттары осы аймақта тұратын тұрғындарға өз зардабын тигізіп отыр. 1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгінгісі мен болашағы» атты халықаралық деңгейде экологиялық форум өтті. Онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралып, нақты шешімдер қабылданды.*

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ АДАМ ІС-
ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН:**

**табиғи
ресурстарды
үнемдеу;**

**қоршаған ортаның
ластануын тоқтату;**

**табиғи экожүйені
сақтау;**

**қабылданған экологиялық этиканы, тәртіп кодекстерін
және халықаралық одақ нормаларын сыйлауды меңгеру;**

Экологиялық білім жүйесі ұйымдық формалардың іс- әрекетін үйлестіретін үздіксіз экологиялық білім жиынтығының міндеті мен мақсатын жүзеге асыру үшін керек. Олар- экологиялық білім инфрақұрылымы, басқарудың нормативтік- құқықтық, ғылыми- әдістемелік және экономикалық реттеу Экологиялық білім стратегиясы- экологиялық білім аймағындағы мемлекеттік саясат негізін құрайтын, оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарын анықтайтын экологиялық мәдениетті қалыптастыру, яғни «адам- табиғат», «қоғам- табиғат» қарым- қатынас саласындағы қоғамдық ой- сана ғана емес, оның терең қажеттілігінің өзгерісін түсінетін ұстанымдар, мақсаттар, ойлар басымдығының жүйесі. Экологиялық мәдениет- әрбір адамның және елдің экологиялық қауіпсіздігі, салауатты өмір салтын, тұрақты әлеуметтік- экономикалық дамуын қалыптастыру, қоршаған табиғи орта мен адам қызметі қарым- қатынасының ежелден келе жатқан тәжірибесі.

Экологиялық білім мен тәрбие беру жолдары

Білім беру үрдісінде
Қазақ тілі мен әдебиеті
Орыс тілі мен әдебиеті
География

Химия
Биология.
Тарих
Технология
Музыка

Кластан тыс тәрбие
жұмыстарын жүргізу үрдісінде
1. Конференциялар, кештер
кездесулер

2. Экскурсиялар, жорықтар,
экологиялық соқпақтар

3. Мерекелер, табиғат
ескеткіштерін қорғауға
арналған іс- шаралар

Оқушылардың экологиялық тәрбиесін бағалаудағы мотивтер

- Азаматтық- патриоттық мотив- табиғат байлығын байыта түсуге ынталануы, табиғатты қорғауды қоғам алдындағы борышы деп ұғынуы.
- Эстетикалық мотив - табиғат сұлулығын ұғынып, ол арқылы рухани күш алуы.
- Гуманитарлық мотив - оқушылардың іс- әрекеттері мен қылықтарында барлық тіршілікті қорғауға ынталануы, жақсылық жасау, жамандыққа күйіну сезімінің көрінісі.
- Ғылыми- танымдық мотив - табиғатты тану, адамның табиғатқа әсерінің салдары мен табиғат заңдылықтарын білуге ұмтылу.
- Экономикалық- практикалық мотив - табиғи ресурстары адамның тұрмыс- тіршілігінің көзі екенін, оның маңыздылығын бағалай білу.
- Гигиеналық мотив - табиғаттың адам денсаулығына пайдасын ұғыну зиян келтірмеуге тырысу

Табиғатты аялайық, жас достар !

*Табиғатты бабамыз аялай білген секілді
Даналықты қазаққа дала берген секілді
Еркелікті ерікті желден алған секілді,
Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді,*

- деп Қадыр Мырза Әлі ағамыз айтқандай табиғаттың сұлулығын жырлай отырып , қоршаған ортамызды аялауға үйренейік. Өйткені, табиғат – бүкіл тіршілік атауының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп- өнер мекені.



Пайдаланған әдебиеттер:

география және табиғат журналдары 2012,2008, 2009, 2010

Бейсенова А Карпеков А Қазақстанның физикалық географиясы

Бейсенова А.С., Каймулдинова К. Д. Қазақстанның физикалық географиясы хрестоматия

Экологиялық білім мен тәрбие берудің өзектілігі автор
Кулушбаева Ж.А

- Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
- Қазақша энциклопедия
- Экология сөздігі. - Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экология институты, "Зияткер" ЖШС, 2007.
- Экология (оқулық) - Алматы, 2008